

Литва Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 22 маусымдағы N 862

"Литва Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 наурыздағы N 2143 U952143_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жұмысқа кіріскен елшіліктер бойынша штат санын қысқарту есебінен Литва Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің штат саны қосымшаға сәйкес 12 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Эстония Республикасы мен Латвия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі қызметін қоса атқаратын Қазақстан Республикасының Литва Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісіне шетел валютасымен айына 2 000/екі мың/ АҚШ доллары мөлшерінде лауазымдық жалақы белгіленсін.

3. Елшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары Қазақстан Республикасының Эстония Республикасы мен Латвия Республикасындағы Елшісі қызметін қоса атқаратын Қазақстан Республикасының Литва Республикасындағы Елшісінің шетел валютасымен алатын жалақысына қарай штат кестесіне сәйкес белгіленсін.

3. Елшілік қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсетуге олардың жалақы қорынан АҚШ долларымен 2 процент мөлшерінде аударым жасау белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қаржы министрлігімен келісе отырып, Литва Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің 1995 жылға арналған штат кестесі мен шығыс сметасын бекітсін.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Литва Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті қаражатты жұмысқа кіріскен елшіліктер мен өкілдіктердегі қызмет көрсететін адамдар санын қысқартудан босаған қаржы есебінен бөлетін болсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК